

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 896 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 1-2, 13-құжат; 2004 ж., N 24, 157-құжат):

1) 1-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік базаның әлеуметтік жәрдемақылар (бұдан әрі - жәрдемақылар) - бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, азаматтарға мүгедектік туындаған кезде, асыраушысынан айырылған кезде және жасына байланысты берілетін ай сайынғы ақшалай төлемдер.";

2) 1 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бірінші топтағы мүгедектерге тиісті қаржы жылына арналған республикалық

бюджет туралы заңмен белгіленетін 1,43 ең төмен күнкөріс деңгейі";
үшінші абзацта "7,5 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,11 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
төртінші абзацта "5 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "0,78 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
бесінші абзацта "7 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,04 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
алтыншы абзацта "10 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,43 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
жетінші абзацта "8 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,17 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
сегізінші абзацта "6 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "0,91 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
тоғызыншы абзацта "10 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,43 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
оныншы абзацта "8 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,17 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
он бірінші абзацта "6 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "0,91 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта "12 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,69 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші абзацта "9,5 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,36 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
төртінші абзацта "7 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,04 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта "16 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "2,20 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші абзацта "11 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,56 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;
төртінші абзацта "7 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,04 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1 6 - б а п т а :

1-тармақта "12 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "1,69 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Отбасының асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақы алуға құқығы бар еңбекке жарамсыз бір мүшесі болған кезде жәрдемақы 0,69 ең төмен

к ү н к ө р і с

д е ण г е й і ;

екеу болған кезде - отбасының барлық еңбекке жарамсыз мүшелеріне 1,19 ең төмен

к ү н к ө р і с

д е ण г е й і ;

үшеу болған кезде - отбасының барлық еңбекке жарамсыз мүшелеріне 1,48 ең төмен

к ү н к ө р і с

д е ण г е й і ;

төртеу болған кезде - отбасының барлық еңбекке жарамсыз мүшелеріне 1,58 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бесеу болған кезде - отбасының барлық еңбекке жарамсыз мүшелеріне 1,62 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

Отбасының еңбекке жарамсыз алты және одан да көп мүшелері болған кезде әрқайсысына арналған жәрдемақының мөлшері 1,69 ең төмен күнкөріс деңгейінен бірдей үлес ретінде есептеледі.

3. Ата-аналарының екеуінен де айрылған жағдайда балаларға (тұлдыр жетімдерге) айлық жәрдемақы әрбір балаға 0,91 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады. Отбасының еңбекке жарамсыз өзге мүшелеріне - 0,43 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде, бірақ отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 2,07 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерде.";

4 - т а р м а қ т а :

"бір айлық есептік көрсеткішке" деген сөздер "0,27 ең төмен күнкөріс деңгейіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"15 айлық есептік көрсеткіштен" деген сөздер "2,07 ең төмен күнкөріс деңгейінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1 7 - б а п т а :

"Қазақстан Республикасының Заңында" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 1-тармағында" деген сөздермен толықтырылсын;

"не зейнетақы төлемін зейнетақының ең төмен мөлшерінен аз мөлшерде алған жағдайда" деген сөздер алынып тасталсын;

5) 18-бапта:

1-тармақта "3 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздер "0,52 ең төмен күнкөріс деңгейі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алынып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат; 2000 ж., N 23, 411-құжат; 2001 ж., N 2, 14-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2004 ж., N 24, 157-құжат):

1) 4 - б а п т а :

7) тармақша "мүгедектер" деген сөзден кейін ", оның ішінде он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар" деген сөздермен толықтырылсын;

8-1) тармақша алынып тасталсын;

2) 7 - б а п т а :

9), 10) тармақшаларда "мүгедектерге" деген сөзден кейін ", оның ішінде он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

11-1) тармақша алынып тасталсын;

12) тармақшада "1,9" деген сандар "3,9" деген сандармен ауыстырылсын.

3. "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 19, 647-құжат; 2002 ж., N 10, 105-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

6-баптың 1-тармағында "сегіз" деген сөз "тоғыз" деген сөзбен ауыстырылсын.

4. "Ең төмен күнкөріс деңгейі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 23, 918-құжат):

1) бүкіл мәтіндегі "уәкілетті" деген сөзден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 2-баптың 3-тармағында "белгілейтін" деген сөз "бекітетін" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 3-баптың 3) тармақшасында "жалақының, зейнетақының, жәрдемақылардың және өзге де" деген сөздер "айлық жалақының ең төмен мөлшерін, зейнетақының ең төмен мөлшерін және базалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кедейлік шегі ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасына дейін кезең-кезеңмен арттыру қағидатын негізге ала отырып, ең төмен күнкөріс деңгейінің негізінде айқындалады. Ол республика бойынша, сондай-ақ өңірлер деңгейінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен тоқсан сайын есептеледі.";

5) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Айлық жалақының ең төмен мөлшерін, зейнетақының ең төмен мөлшерін және базалық әлеуметтік төлемдерді белгілеу кезіндегі ең төмен күнкөріс деңгейін қолдану

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы бойынша айқындалатын және жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы айлық жалақының ең төмен мөлшерін, зейнетақының ең төмен мөлшерін және базалық әлеуметтік төлемдерді белгілеу үшін негіз болып табылады.";

6) 6 - б а п т а :

тақырыбында "және кедейлік шегі" деген сөздер алынып тасталсын;

"кедейлік шегі" деген сөздерден кейін ", азық-түлік себетінің құны" деген сөздермен толықтырылсын ;

"осы шектен" деген сөздер "осы өлшемдерден" деген сөздермен ауыстырылсын;
"еңбек және халықты әлеуметтік қорғау" деген сөздер "статистика" деген сөзбен
ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ